

**2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 мамырдағы № 47 қаулысы. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 4 маусымда № 1-15-147 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 2 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2011.01.06 № 2 қаулысымен*

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 1 тармағының 8 тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19, 20, 23 баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» 2010 жылдың 29 наурызындағы № 960 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы» 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес Қорғалжын ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар, 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында тиісті жергілікті әскери органдары арқылы кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын және қ а м т а м а с ы з е т і л с і н .

2. Аудандық шақыру комиссиясы (1 қосымшаға сәйкес) құрылсын және 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында азаматтарды әскери

қызметке шақыру кестесі (2 қосымшаға сәйкес) бекітілсін.

3. «Ақмола облысы денсаулық сақтау Басқармасы жанындағы Қорғалжын аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық- қазыналық кәсіпорны (келісім бойынша) аудандық әскерге шақыру учаскесін қажетті құрал-саймандармен, медициналық және шаруашылық мүліктермен қамтамасыз етсін.

4. Қорғалжын ауданы әкімдігінің осы қаулысының күші 2010 жылдың 15 сәуірінен бастап қалыптасқан құқықтық қатынастарға тарайды.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Қ. Аққожинаға жүктелсін.

6. Осы қаулы Қорғалжын ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі  
«Келісілді»

С.Қасенов

«Ақмола облысы  
Қорғалжын ауданының  
қорғаныс істер жөніндегі  
бөлімі» мемлекеттік

мекемесінің бастығы

Т.О.Әшімов

«Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер Министрлігі  
Ақмола облысының  
Ішкі істер департаменті  
Қорғалжын ауданы  
Ішкі істер бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің бастығы

А.Қ.Әбішев

«Ақмола облысы денсаулық сақтау  
Басқармасы жанындағы  
Қорғалжын аудандық ауруханасы»  
мемлекеттік коммуналдық-қазыналық

кәсіпорны бас дәрігері

А.Б.Құдайкулов

Қорғалжын

ауданы

әкімдігінің

2010

жылғы

5

мамырдағы

№

47

қаулысына

№ 1 қосымша

**Аудандық шақыру комиссиясының құрамы:**

Әшімов

«Ақмола облысы Қорғалжын

Талғат Оралбекұлы

ауданының қорғаныс істері  
жөніндегі бөлімі» мемлекеттік



1	Арықты		14						
2	Амангелді		13						
3	Қарашалғын			12					
4	Кеңбидайық		7						
5	Коммуна			2					
6	Қызылсай			8					
7	Қорғалжын				40	31			
8	Сабынды	32							
№ р/ р	а/о атауы	Комиссияның жұмыс күндері және шақыртушылардың саны							
		04.10.2010	05.10.2010	06.10.2010	07.10.2010	08.11.2010	19.11.2010	03.12.2010	17.12.2010
1	Арықты		13						
2	Амангелді		15						
3	Қарашалғын			14					
4	Кеңбидайық		6						
5	Коммуна			2					
6	Қызылсай			6					
7	Қорғалжын				40	40			
8	Сабынды	35							

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК